

перспективалары негізделді. Авторлар тұтастай алғанда банк секторындағы ағымдағы жағдайға, банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру жөніндегі Ұлттық банктің қызметіне және активтердің сапасын бағалау нәтижелеріне талдау жасады.

**Д.Д. Керимкулова, Г.Б. Алина, М.Т. Жоламанова**

## **ФИНАНСОВАЯ УСТОЙЧИВОСТЬ БАНКОВСКОГО СЕКТОРА КАЗАХСТАНА**

### **Аннотация**

На сегодняшний день финансовая устойчивость банков остается одной из важных проблем как в научно-теоретическом так и практическом аспекте.

В достижении финансовой устойчивости играют роль различные факторы. Важными из которых являются достаточность и качество ссудного портфеля, что также служит индикатором финансовой устойчивости. Исходя из этого в данной статье рассмотрена взаимосвязь собственного капитала банка с показателями финансовой устойчивости.

На основании изучения ранее изданной литературы авторы показывают степень научно-теоретической разработанности проблемы как отечественными, так и зарубежными учеными. На материалах банков второго уровня Республики Казахстан проведен статистический анализ собственного капитала отечественных банков второго уровня за 2014-2019 годы. Проведены детальный анализ структуры, качества и рассчитаны коэффициенты достаточности собственного капитала банковского сектора Казахстана за пятилетний период. В статье также рассматривается влияние и роль регулятора – Национального банка на финансовую стабильность банковского сектора страны.

На основе анализа литературы и практической ситуации обосновываются задачи и перспективы деятельности банков по стабилизации финансового состояния и повышению качества собственного капитала. Авторы также проводят аналитический обзор текущей ситуации в банковском секторе в целом, деятельности Национального банка по повышению финансовой устойчивости банковского сектора и результатов оценки качества активов.



DOI 10.52260/2304-7216.2020.3(40).15

ЭОЖ 6.65.657

FTAMP 06.35.31

**К.С. Мадиева\***, *э.ғ.к., профессор*

**Г.Т. Хасенова**, *э.ғ.м., аға оқытушы*

**И.С. Нуржанова**, *э.ғ.м., аға оқытушы*

*Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті*

*Қарағанды қ., Қазақстан*

e-mail: nismakate-88-89@mail.ru

\* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

## **КЕЗЕКТІ ДЕМАЛЫСҚА АҚЫ БОЙЫНША РЕЗЕРВ ҚҰРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ МЕН ЕСЕБІНІҢ ЖҮРГІЗІЛУІ**

*Жұмыскерге жұмыс істеген бірінші және келесі жылдары үшін жыл сайынғы ақы төлетін еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша жұмыс жылының кез келген уақытында*

беріледі. Кезекті демалыстың жұмыс жылы жұмыскердің бірінші жұмыс күнінен бастап есептелген күнтізбелік он екі айды құрайды.

Жұмыскерлердің кезекті демалысына төленетін ақысына резерв құрудың есебінің мәнін ашу үшін келесі сұрақтарға жауап беруіміз қажет: демалысақы бойынша резерв құрудың қажеттілігі неде және неліктен кәсіпорындар шығынды жұмыскерді кезекті демалысқа жіберген уақытта есепке алуына болмайды?

Бұл сұрақтарға жауапты келесідей қарастыруға болады:

– біріншіден, резерв құру халықаралық қаржылық есептілік стандартында бекітілген;  
– екіншіден, біздің елде қолданыстағы Еңбек заңнамасы бойынша жұмыскерлер кезекті еңбек демалысын келесі есеп кезеңдерінде қолдануға рұқсат береді. Сондықтан, егер жұмыскер есептік кезеңде өзіне тиесілі кезекті еңбек демалысын қолданғысы келмесе, кәсіпорынның келесі кезеңде жұмыскер алдында қарызы пайда болады. Кәсіпорында бұл шығындар міндетті түрде орын алады, ол есептелген демалысақы түрінде немесе демалысақының орнын толтыру ретінде болуы мүмкін. Ал бұл тек уақыт еншісінде.

Берілген мақалада кезекті демалысақы бойынша резерв құру қажеттілігі мен ХҚЕС-ке сай жүргізілген талаптар қарастырылды. Кезекті демалысақы бойынша резерв құрудың кейбір қиын жақтары көрсетіліп, шешу жолдары ұсынылды. Әр түрлі әдістер бойынша резерв құрудың жолдары көрсетіліп, кәсіпорын үшін тиімдісі анықталып талданды. Сонымен қатар осы құрылған резерв бойынша жасалатын бухгалтерлік жазбалар ұсынылды.

**Кілт сөздер:** еңбекақы, резерв, кезекті еңбек демалысы, кезекті демалысақы, бағалау міндеттемелері, ХҚЕС (IAS) 19, ХҚЕС (IAS)37, жұмыскер, қызмет етуші, демалысақы.

**Ключевые слова:** заработная плата, резерв, очередной трудовой отпуск, очередные отпускные, оценочные обязательства, МСФО (IAS) 19, МСФО (IAS)37, работник, обслуживающий персонал, отпускные.

**Keywords:** salary, reserve, regular work leave, regular vacation, estimated liabilities, IFRS (IAS) 19, IFRS (IAS) 37, worker, service personnel, holiday pay.

**JEL classification:** J3, J30, J36

**Кіріспе.** Қызмет етуші кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп орын алған шаруашылық операцияларды тіркеп, өңдеумен ғана емес, сол шаруашылық операциялардың орын алуы кезінде пайда болған бухгалтерлік есеп объектілерін дер мезгілінде танып, бағалай білуі қажет. Осындай міндеттемелер – бағалау міндеттемелері.

Бағалау міндеттемелері – бұл шамасы және (немесе) өтеу мерзімі белгісіз міндеттемелер. Өткен оқиғалар нәтижесінде орындалмауы мүмкін емес міндеттеме пайда болды.

Бағалау міндеттемесін көрсету үшін мынадай шарт орындалуы тиіс:

– міндеттемені тудыратын шаруашылық оқиға осы есептік кезең шегінде орын алуы тиіс;

– бұл міндеттемені орындамау мүмкін емес, себебі заңнама талаптары немесе іскерлік айналым дәстүрлері осыны міндеттейді және осы міндеттеме пайда болған басқа тарап болады. Мысалы, егер компанияның жабылуы туралы шешім қабылданып болса, жұмыскерлердің қысқарту бойынша өтемақы алуға құқығы пайда болады. Ал егер ондай шешім болмаса, кәсіпорында да бағалау міндеттемесі болмайды.

Кәсіпорынның қызметінің нәтижесінде пайда болған, бірақ сол мезетте бағалау мүмкін болмайтын туындама объектілердің бірі – демалысақы бойынша міндеттеме және бұл міндеттеме еңбекақы есептелген уақытта әр ай сайын пайда болатындығын ұмытпаған жөн және туындаған міндеттеме

бойынша алдын ала резерв құрылуы қажет. Ал көптеген кіші және орта бизнес өкілдері осы міндеттеме туралы сөз қозғалғанда қиналатындығы бар. Сондықтан да зерттеу жұмысында демалысақы бойынша резервтің құрылуының маңыздылығы ескерілген.

Зерттеу жұмысының мақсаты – кезекті демалысақы үшін резерв құрудың маңыздылығын көрсете отырып, әр түрлі әдіс бойынша есептелуін көрсету. Бұл аспект қазіргі таңда әр кәсіпорын үшін қарастырылуы тиіс өзекті мәселе болып табылады. Зерттеу жұмысын жазу барысында қолданылған әдістер: жинақтау, талдау, қорытынды жасау.

**Әдебиеттік шолу.** Кезекті демалысақы бойынша резерв құру тақырыбы бүгінгі таңда көптеген отандық және шетелдік ғалымдар мен кәсіби бухгалтерлердің еңбектерінде көрініс тауып жүр. Соның ішінде ерекше көзқараспен көзге түскен С.П. Горячих кәсіпорындағы құрылатын резервтерді екі топқа жіктеуді ұсынған, бірі болашақта күтілетін шығындар болса, екіншісі бағалау резервтері. Демалысақы бойынша резервті бірінші топқа жатқызып қарастырған [1]. Ал тағы бір ресейлік ғалым И.Н. Волкова демалысақы бойынша резерв құруда алдын ала есептелген нормалар бойынша жүзеге асыруды қарастырған. Осы нормаларды анықтаудың екі әдісін зерттеген, бірі өткен жылдың еңбекақы қоры бойынша есептеуді қарастырса, екіншісі соңғы 12 айдың нәтижесі бойынша ай сайын есептелетін норманы анықтауды ұсынады [2].

Отандық кәсіби бухгалтер Л. Кизина тақырыпты талдауда Қаржылық есептіліктің ұлттық стандартын қолданушылар үшін резерв құру міндеттелмегендігін атап өтіп, демалысақы бойынша резерв құру үшін 37 (IAS) ХҚЕС және 19 (IAS) ХҚЕС басшылыққа алу қажеттілігін айтады [3].

Қазақстандық бас бухгалтер Н. Салиева демалысақы бойынша резерв құрудың қажеттілігін анықтап, кәсіпорындардың есептік саясатында таңдалған әдіс бекітілу қажеттілігін атап өткен [4].

**Негізгі бөлім.** 37 (IAS) «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және активтер» ХҚЕС бойынша резервке төлем мерзімі белгісіз міндеттеме немесе төлем сомасы белгісіз міндеттеме жатады.

Резерв келесі үш сипатқа ие болғанда ғана танылады:

- міндеттеме өткен оқиғалар нәтижесінде пайда болса;
- міндеттемені жабу экономикалық ресурстардың шығуына әкелсе;
- резервтің құны нақты бағалана алса [5].

Осы үш сипаттың әрқайсысын қарастырсақ. Демалысақы бойынша міндеттеменің бар болуы сөзсіз, өйткені өткен кезең оқиғасына жұмыскерлердің атқарған қызметі жатады, себебі жұмыскер қызметін атқарған әр ай, күні бойынша оның кезекті демалысқа құқығы пайда болады. Сәйкесінше, пайда болған кезекті демалыс күндері үшін демалысақы бойынша міндеттеме де болады [6].

Екінші сипат бойынша, міндеттемені өтеу, яғни кезекті еңбек демалысы бойынша ақы төлеу кезінде кәсіпорынның активтерінің шығуы болады.

Үшіншіден, резерв құны жұмыскердің алдыңғы кезеңде жасаған жұмысына алған еңбекақысы бойынша анықталады.

Кезекті еңбек демалысын тағайындау еңбек заңдылығында қарастырылған және жеке еңбек келісімшартымен бекітіледі.

Жұмыскерге жасаған қызметінің нәтижесінде төленетін ақы болғандықтан, 37 (IAS) ХҚЕС-мен бірге 19 (IAS) «Қызметкерлерге берілетін сыйақылар» ХҚЕС ескеру қажет. Жұмыскерлерге сыйақыларға демалысақылар да кіреді, ал бұл стандарт талабы бойынша компания шығындарды жұмыскердің сыйақы үшін жасаған қызметінің нәтижесінде экономикалық пайда алған кезде тануы қажет. Сәйкесінше, кезекті еңбек демалысақысы бойынша міндеттеме жұмыскер кезекті демалысқа шыққан уақытта емес, қызметін атқарып жатқан уақытта

пайда болады, сондықтан резерв құру қажеттілігі анық.

Кезекті еңбек демалысақысы бойынша резерв жұмыс берушінің жұмыскердің есептік кезеңге жинақталған қолданбаған кезекті демалыс күндеріне есептелген сомада танылады. Сөйтіп, кезекті еңбек демалысы бойынша резерв құрудың басты мақсаты – есептік кезеңде компанияның жұмыскерлер алдында міндеттемесінің бар болуын көрсету. Резерв құру арқылы компания есептілікте шынайы ақпаратты қамтамасыз етеді.

Ал осы демалысақы бойынша резерв құру міндеттелсе де, ешқандай заңдық акті, ХҚЕС пен нұсқаулықтарда кезекті демалысақы бойынша резерв құру тәртібі көрсетілмеген, сондықтан оны әр кәсіпорын өз есептік саясатында бекітуі керек.

Кезекті еңбек демалысақысына резерв құрудың ең көп қолданылатын әдісі – жұмыскердің орташа күндік еңбекақысы бойынша есептеу болып табылады. Бұл әдісті қолдану үшін:

1) әрбір жұмыскер бойынша есептік кезеңге қолданылмаған кезекті демалыс күні мен қосымша ақылы демалыс күнін анықтау керек;

2) әр жұмыскердің орташа күндік еңбекақысын есептеу қажет;

3) есептік кезеңге әр жұмыскерге тиесілі демалысақы сомасын есептеу керек.

Сөйтіп, резерв барлық жұмыскерлер бүгін кезекті демалыс алып кетеміз деген жағдайда төленетін сомада танылады.

Бұл міндеттеме демалысақының өзі мен оған есептелетін салықтар пен аударымдардан тұрады. Кезекті еңбек демалысақысы бойынша резерв әрбір есептік кезең, яғни жыл сайын есептеледі және құрылады.

Осы кезекті демалысақы бойынша резервтің құрылуын мысалмен қарастырайық.

Егер 2020 жылдың 1 қаңтарына резерв құру керек болса, жұмыскер 2019 жылдың 31 желтоқсанында кезекті еңбек демалысына кетсе деген шартпен есептеледі. Яғни демалысақы бойынша шығындарды (дема-

лысақы, әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударым) есептеу үшін келесі мәліметтер белгілі:

– жұмыскердің көтерме коэффициентін есепке алғандағы айлық еңбекақысы = 200 000 теңге;

– келісімшарт бойынша кезекті еңбек демалыс күн саны = 30 күн;

– өндірістік күнтізбе бойынша 2019 жылы бес күндік жұмыс аптасына есептелген жұмыс күні = 20,5 күн.

Осы көрсеткіштерді есепке алып жұмыскердің орташа бір күндік еңбекақысын есептейміз, ол үшін айлық еңбекақысын өндірістік күнтізбе бойынша бес күндік жұмыс аптасына есептелген жұмыс күніне қатынасы арқылы анықтаймыз.

$$ОКЕ = \frac{200000}{20,5} = 9756 \text{ теңге,}$$

мұндағы ОКЕ – орташа күндік еңбекақы.

Ал енді кәсіпорында бекітілген кезекті демалыс 30 күннің қаншасы жұмыс күні болатындығын анықтау қажет, себебі демалысақы тек жұмыс демалыстағы жұмыс күніне төленеді, оны есептеу үшін есептік жылдағы күнтізбелік жұмыс күнінің жұмыс уақытының балансы бойынша жұмыс күн санына қатынасымен анықталатын көрсеткіш қолданылады. Ал 2019 жылы бұл көрсеткіш 1,42 құрайды.

$$ЖКС = \frac{30}{1,42} = 21 \text{ күн,}$$

мұндағы ЖКС – кезекті еңбек демалыс күндеріне келетін жұмыс күн саны.

Келісімшарт бойынша атқарылған 1 ай үшін кезекті демалыстың неше күні келетіндігін анықтау үшін бекітілген жұмыс күні санын 12 айға бөлеміз. Сәйкесінше біздің мысалымыз бойынша 2,5 күнтізбелік күн келеді (30 күн/12 ай). Әр жұмыскердің еңбекақысы бойынша резервтің құрылуы мен сол резервтен есептелген әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардың есептелуі келесі кестеде қарастырылған (1-кесте).

**Әр жұмыскердің еңбекақысынан есептелетін кезекті демалысақы резервінің есептелуі \***

№	Көрсеткіш	Есептелу жолы	Мәні
1.	Қолданылмаған жұмыс күні	2,5 * 6 ай	15 күн
2.	Қолданылмаған демалыстың жұмыс күні	$\frac{15к}{1,42}$	10,5 жұмыс күні
3.	Кезекті демалысақы төлеуге резерв	9756 – 10,5	102438 теңге
4.	Әлеуметтік сақтандыру сомасы	$(102438 - 10244) * 3,5\%$	3227 теңге
5.	Әлеуметтік салық сомасы	$(102438 - 10244) * 9,5\%$	8759 теңге
6.	31.12.19 ж. есептелетін резервтің сомасы	102438 + 8759	111 197 теңге

\* Авторлармен құрастырылған

Берілген әдіс бойынша, яғни әр жұмыскердің еңбекақысынан есептелген резервті есептеп көрсеттік. Бірақ бұл әдіс уақытты және жұмысты көп қажет ететін әдіс болып табылады, себебі кәсіпорындарда мындаған жұмыскер болуы мүмкін, ал оның әрқайсысының қолданбаған демалыс күні мен демалысақысынан есептелетін резервті есептеу оңайға соқпайтын жұмыс болып табылады.

Сондықтан кәсіпорындар резерв құрудың басқа әдістерін де қолданады. Соның бірі резерв сомасын есептелген еңбекақы бойынша әр ай сайын есептеп отыруы тиіс. Бүгінгі таңда бухгалтерлік есептің автоматтандырылған нысанында осы әдіс кеңінен қолданылады.

Резерв есептеудің тағы бір әдісі – жалпы еңбекақы қорына резерв есептеу, Бұл әдістің артықшылығы – есептеме жүргізу көп болмағандығы болса, кемшілігі – есептелген соманың жуық шамада болуы. Соның әсерінен алдын ала құрылған резерв пен іс жүзіндегі есептелген демалысақының арасында айырмашылықтар туындап отырады.

Ал енді мысалмен кәсіпорынның жалпы еңбекақы қоры бойынша демалысақы резервінің есептелуін қарастырайық.

Біздің мысалымызда 30 күнтізбелік

күн, яғни жуықтап 11 ай қызмет етіп, 1 ай демалады, сондықтан резерв сомасының үлесі:

$$\sum P_{1ai} = \frac{1ai}{12ai} = 9\%$$

мұндағы  $\sum P_{1ai}$  – ай сайынғы резерв сомасының үлесі.

100 000 теңге тағайындалған еңбекақысы бар жұмыскердің демалысақысына есептелген резерв сомасын есептесек:

$$P = 100\ 000 * 9\% = 9\ 000 \text{ теңге.}$$

Оған қосымша демалысақы бойынша резервке әлеуметтік салық пен әлеуметтік сақтандыру (9,5%) қосылады. Сәйкесінше, болжамдық есеппен =  $9\ 000 * 9,5\% = 855$  теңге.

$$\sum P = 9\ 000 + 855 = 9\ 855 \text{ теңге.}$$

Сәйкесінше, ай сайын 9 855 теңге резерв құрылады, ал бұл есептелген еңбекақының (100 000 теңгенің) қанша пайызын құрайтындығын анықтайық:

$$\% = \frac{9\ 855}{100\ 000} * 100\% = 9,85\%$$

Есептелген пайыз бойынша кәсіпорын ай сайын есептелген еңбекақысына сәйкес

демалысақыға резерв құрып отырады. Есептелген резерв сомасы, әрине, есептелетін демалысақы сомасынан өзгеше болуы мүмкін. Сондықтан кезең соңына демалысақы бойынша резервке түгендеу жүргізіледі. Егер есептелген резерв сомасы іс жүзіндегі демалысақы сомасынан төмен болса, жет-

пеген сомаға қосымша резерв жасалады, ал егер резерв сомасы асып кетсе, кері жазба беріледі, немесе келесі жылға аударылады.

Ал енді кезекті еңбек демалысы бойынша резервтің есептелуі мен қолданылуы бойынша болатын шоттар корреспонденциясын көрсетейік (2-кесте).

Кесте 2

**Кезекті демалысақы резерві бойынша шоттар корреспонденциясы \***

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
		Дебет	Кредит
1.	Кезекті демалысақы бойынша резервтің құрылуы	7470	3430
2.	Кезекті демалысақы резервінің демалысақының есептелуі	3430	3350
3.	Кезекті демалысақы резервінің әлеуметтік салықтың есептелуі	3430	3150
4.	Кезекті демалысақы резервінің әлеуметтік сақтандырудың есептелуі	3430	3210

\* Авторлармен құрастырылған

Жасалған зерттеу мен есептемелердің нәтижесінде келесідей ұсыныстар жасауға болады. Әрбір жұмыскер мен қызметкер бойынша резерв есептеу ұзақ уақытты қажет ететін жұмыс болып табылады, сондықтан бұндай есептемені алдын ала әр қызметкер мен жұмыскер бойынша есептеудің тығыз қажеттілігі жоқ. Сонымен қатар жыл сайын кадрлар құрамында, яғни жұмысқа қабылдау мен жұмыстан шығаруды алдын ала болжаудың қиындығын ескеру қажет. Осы жағдайларды ескеріп кәсіпорындарға кезекті демалысақы бойынша резерв құрудың басқа тәсілі, яғни жалпы кәсіпорын бойынша немесе кәсіпорынның жеке бөлімдері бойынша құру ұсынылады.

Сонымен қатар бүгінгі таңда осы есептемелерді және де басқа да еңбекақы мен персоналды басқару бойынша мәліметтерді тіркеп, өңдеуде жақсы мүмкіндік беретін «1С: еңбекақы және персоналды басқару» бағдарламасын қолдану ұсынылады. «1С:

Қазақстан үшін еңбекақы және персоналды басқару» келесі бағыттар бойынша кәсіпорынның есеп айырысу және кадрлық қызметтерін автоматтандыруға мүмкіндік береді:

- қызметкерлердің қажеттіліктерін жоспарлау;
- бизнесті кадрлармен қамтамасыз ету мәселелерін шешу – қызметкерлерді таңдау, сұрақ қою және бағалау;
- персонал шығындарын жоспарлау;
- қызметкерлердің құзыреттерін басқару және оларды сертификаттау;
- персоналды оқытуды басқару;
- персоналдың қаржылық уәждемесін басқару;
- қызметкерлерді тиімді жоспарлау;
- персоналды есепке алу және персоналды талдау;
- еңбекақы парағы;
- қызметкерлермен қолма-қол ақшаны басқару, оның ішінде қызметкерлер алмаған сомаларды сақтау;

– заңмен реттелетін еңбекақы қорынан салықтар мен жарналарды есептеу;

– есептелген еңбекақы, салықтар, жарналар мен резервтерді кәсіпорынның шығындарында көрсету.

Сәйкесінше, осы бағдарламада персонал есебін ұйымдастыру тек резерв бойынша ғана емес, жалпы жұмыскерлерді жұмысқа қабылдаудан бастап, еңбекақы есептеу біліктілігін жоғарылату және т.б. мәселелері бойынша мүмкіндіктер береді. Осы бағдарлама арқылы кезекті демалысақы бойынша резерв құру бойынша есептеме жалпы еңбекақы қоры бойынша автоматты түрде ай сайын анықталып, есепте өрнектеліп отырады. Осыған байланысты кезекті еңбекақы есебін оңтайландырудың ең тиімді жолы «1С: еңбекақы және персоналды басқару» жүйесін қолдану.

**Қорытынды.** Жалпы кәсіпорын бойынша немесе жеке бөлімдер бойынша кезекті демалысақыға резерв есептеудің алгоритмі келесідей:

– кезекті демалыс кестесі бойынша (кесте жыл соңына құрылуы қажет) кәсіпорынның барлық жұмыскерлерінің бір кезекті еңбек демалысына келетін жұмыс күнінің санын анықтау;

– есептеу күніне барлық қызметкерлер

мен жұмыскерлер бойынша кәсіпорынның еңбекақы қорын есептеу;

– бір күнге шаққандағы еңбекақы қорының сомасын анықтау (Еңбекақы қоры/Есептік жылдағы жұмыс күні саны);

– бір жұмыскерге шаққандағы орташа бір күндік еңбекақыны анықтау (Бір күндік еңбекақы қоры/Қызметкерлер саны);

– кезекті демалысақы сомасын есептеу (Орташа бір күндік еңбекақы \* Қолданылмаған кезекті демалыстың жұмыс күні саны);

– есептелген кезекті демалыс резервіне әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударым сомасын қосып, жалпы кезекті еңбек демалысы бойынша резерв сомасын есептеу.

Сонымен қорытындылай келе, жасалған зерттеу жұмысының нәтижесінде кезекті демалысақы бойынша резервтің құрылуының нормативтік алғышарттары қарастырылды. Демалысақы бойынша резервтің құрылуының әр түрлі әдістермен есептеу алгоритмін көрсете отырып, кәсіпорындардың есептеме жұмыстарын азайтатын жолын көрсеттік. Демалысақы есептеу әдістерінің кемшіліктері мен артықшылықтары аталып кетті. Әр кәсіпорын осы әдістердің өзіне тиімдісін анықтап, таңдап, есептік саясатында көрсетеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Горячих С.П. Резерв на отпуска в бухгалтерском учете: методические подходы к формированию // Международный бухгалтерский учет. – 2015. – №26. – С. 56-62.

2. Волкова И.Н. Формирование и отражение в бухгалтерском учете оценочных обязательств по оплате отпусков // Молочно-хозяйственный вестник. – 2014. – №2 (14). – С 73-77.

3. Салиева Н. Главный бухгалтер от 18 июня 2013г. «Каков алгоритм расчета резерва и принципы начисления резерва отпусков?». [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31406567#pos=4;-114](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31406567#pos=4;-114)

4. Кизина Л. DipIFR, профессиональный бухгалтер РК, бухгалтер-практик от 19 сентября 2019 г. «Как начислять резерв по неиспользованным отпускам?». [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=38034934](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38034934)

5. «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және активтер» 37-ші Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарты (IAS 37). – 2014. [https://online.zakon.kz/m/document/?doc\\_id=30792076](https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=30792076)

6. «Қызметкерлерге берілетін сыйақылар» 19-шы Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарты (IAS 19). – 2014. [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31246603](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31246603)

#### REFERENCES

1. Gorjachih S.P. Rezerv na otpuska v buhgalterskom uchete: metodicheskie podhody k formirovaniyu [Vacation allowance in accounting: methodological approaches to formation] // Mezhdunarodnyj buhgalterskij uchet. – 2015. – №26. – S. 56-62 [in Russian].

2. Volkova I.N. Formirovanie i otrazhenie v buhgalterskom uchete ocenочnyh objazatel'stv po oplate otpuskov [Formation and reflection in accounting of estimated liabilities for vacation pay] // Molochno-hozjajstvennyj vestnik. – 2014. – №2(14). – S 73-77 [in Russian].

3. Salievoj N. Glavniy buhgalter ot 18 ijunja 2013 g. «Kakov algoritm rascheta rezerva i principy nachislenija rezerva otpuskov?» [Article by N. Salieva, chief accountant dated June 18, 2013. «What is the algorithm for calculating the reserve, and the principles for calculating the vacation reserve?». [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31406567#pos=4;-1144](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31406567#pos=4;-1144) [in Russian].

4. Kizinoj L. DipIFR, professional'nyy buhgalter RK, buhgalter-praktik ot 19 sentjabrja 2019 g. «Kak nachisljat' rezerv po neispol'zovannym otpuskam?» [Article by L. Kizina, DipIFR, professional accountant of the Republic of Kazakhstan, practice accountant dated September 19, 2019 «How do I charge a reserve for unused vacations?». [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=38034934](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38034934) [in Russian].

5. Bagalau mindettemeleri, shartty mindettemeler zhane aktivter» 37-shi Halykaralyk Karzhylyk Eseptiliktin Standarty (IAS 37). – 2014 [International financial reporting standard (IAS 37) «Estimated liabilities, contingent liabilities and assets». – 2014]. [https://online.zakon.kz/m/document/?doc\\_id=30792076](https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=30792076) [in Kazakh].

6. Kyzmetkerlerge beriletin syjakylar» 19-shy Halykaralyk Karzhylyk Eseptiliktin Standarty (IAS 19). – 2014 [International financial reporting standard (IAS 19) «Employee benefits». – 2014]. [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31246603](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31246603) [in Kazakh].

**К.С. Мадиева, Г.Т. Хасенова, И.С. Нуржанова**

#### **ВЕДЕНИЕ УЧЕТА И НЕОБХОДИМОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ РЕЗЕРВА ПО ОПЛАТЕ ОЧЕРЕДНОГО ОТПУСКА**

#### **Аннотация**

Чтобы раскрыть суть расчета резервирования на оплату очередного отпуска работников, необходимо ответить на следующие вопросы: в чем заключается необходимость создания резерва по отпускам и почему предприятия не могут учитывать затраты при направлении работника в очередной отпуск. Ответы на эти вопросы можно рассматривать с обеих сторон. Во-первых, создание резерва закреплено в международном стандарте финансовой отчетности. Во-вторых, в нашей стране по действующему трудовому законодательству работники разрешают использовать очередной трудовой отпуск на последующие отчетные периоды. Поэтому, если работник не хочет использовать очередной трудовой отпуск, принадлежащий ему в отчетном периоде, у предприятия возникает задолженность перед работником на следующем этапе. На предприятии эти затраты в обязательном порядке имеют место, что может быть в виде начисленного отпуска, либо в виде компенсации за отпуск. А это зависит только от времени.



В данной статье предусмотрена необходимость создания резерва по очередным отпускам и требования, произведенные международными стандартами финансовой отчетности. Были продемонстрированы некоторые трудные стороны формирования резерва по очередным отпускам, предложены пути решения. По различным методикам были отражены пути создания резерва, определены эффективность для предприятия. Кроме того, представлены бухгалтерские записи по данному созданному резерву.

**К. Madiyeva, G. Khassenova, I. Nurzhanova**

**KEEPING RECORDS AND THE NEED TO CREATE A RESERVE  
FOR PAYMENT OF THE NEXT VACATION**

**Annotation**

To reveal the essence of calculating the reservation for the payment of the next vacation of employees, it is necessary to answer the following questions: what is the need to create a reserve for vacations and why enterprises can not take into account the costs when sending an employee on another vacation?

The answers to these questions can be viewed from both sides. First, the creation of a reserve is enshrined in the international financial reporting standard. Secondly, in our country, according to the current labor legislation, employees are allowed to use regular work leave for subsequent reporting periods. Therefore, if the employee does not want to use the next work leave that belongs to him in the reporting period, the company has a debt to the employee at the next stage. At the enterprise, these costs are mandatory, which can be in the form of accrued leave, or in the form of compensation for leave. And this depends only on the time.

This article provides for the need to create a reserve for regular holidays and the requirements made by international financial reporting standards. Some difficult aspects of forming a reserve for regular holidays were demonstrated, and solutions were proposed. Using various methods, the ways of creating a reserve were reflected, and the efficiency for the enterprise was determined. In addition, accounting records for this created reserve are presented.

